

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне венчурлік қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 7 тамыздағы № 99-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне венчурлік қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2018 жылғы 6 тамыздағы
№ 99-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне венчурлік қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актілерді сапалы, уақтылы әзірлеуге және енгізуге жауапты адам
1	2	3	4	5	6
1.	"Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркін айқындау туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АКМ	2018 жылғы қыркүйек	Д. Р. Щеглова

2.	"Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 353 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АКМ	2018 жылғы қыркүйек	Д. Р. Щеглова
3.	"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИДМ	2018 жылғы қыркүйек	Т. С. Токтабаев
4.	"Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркі қызметінің қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің бұйрығы	АКМ	2018 жылғы қыркүйек	Д. Р. Щеглова
5.	Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне ұсынылатын "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркі тартқан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің бұйрығы	АКМ, ПМ, ҰҚК (келісім бойынша)	2018 жылғы қыркүйек	Д. Р. Щеглова Е. З. Тұрғымбаев М. С. Өсіпов
6.	"Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11 -1 - 2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Бірлескен бұйрық	СІМ, ПМ, ҰҚК (келісім бойынша)	2018 жылғы қыркүйек	М. Б. Тілеуберді Е. З. Тұрғымбаев М. С. Өсіпов
7.	Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауға қатысатын және венчурлік қорларды ортақ қаржыландыруды жүзеге асыратын индустриялық-инновациялық жүйе субъектілерінің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің бұйрығы	ИДМ	2018 жылғы қыркүйек	Т. С. Токтабаев
8.	Технологиялық бизнес-инкубациялау қызметтерін көрсету, сондай-ақ "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркі көрсететін қызметтерді қоспағанда, осындай қызметтер құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің бұйрығы	ИДМ	2018 жылғы қыркүйек	Т. С. Токтабаев

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИДМ - Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі
АКМ - Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
ҰҚК - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ІІМ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
СІМ - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ